

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 20 ақпандағы N 229 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 9 тамыз N 892

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2002 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға жергілікті бюджеттерді несиелендірудің кейбір мәселелері туралы"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 20 ақпандағы N 229 P020229\_ қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

2-тармақтың 1) және 2) тармақшалары "гербицидтер," деген сөзден кейін

"тұқымды улағыштар," деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға жергілікті бюджеттерді несиелендіру ережесіне:

2 және 6-тармақтарда "гербицидтер," деген сөзден кейін "тұқымды улағыштар," деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қобдалиева Н.М.